

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

## "Бір пара - екі қылмыскер" атты түсіндіру кездесулері өткізілді.

ЖАРИЯЛАНДЫ  
22.11.2022СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/126716/>

«Жамбыл облысы Тұрар Рысқұлов ауданы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен «Жамбыл облысы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен **«Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру («Т.Рысқұлов - адалдық алаңы» жобасын қолдау»** әлеуметтік жобасының аясында Тұрар Рысқұлов ауданында «Бір пара - екі қылмыскер» атты түсіндіру кездесулері өткізілді.

Шара барысында қатысушыларға жалпы сыбайлас жемқорлық туралы және оның келтіретін зардабы туралы толық ақпараттар айтылды. Кездесуге «Жамбыл облысы «Қазақстан студенттерінің Альянсы» ЖҚБ төрағасы - Муратбаев Каныбек Жарылқасынұлы және «Тұрар Рысқұлов - адалдық алаңы» жобалық офисінің жетекшісі Қуанышбай Мәулен Есенғалиұлы қатысты. Сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Тұрғындар немесе қызметкерлер өздерінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет екендігі жайлы, Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылатындығы атап өтілді.

Шараға ауылдық әкімшілік қызметкерлері, мамандар, кітапхана қызметкерлері, мектеп мұғалімдері мен жас мамандар қатысты.

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.